# Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту жүйесін жетілдіру жөніндегі 2008-2010 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 қарашадағы N 1114 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту жүйесін жетілдіру жөніндегі 2008-2010 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар:

1) Жоспарда көзделген шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) жылына екі рет 15 қаңтарға және 10 шілдеге Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпаратты ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жарты жылдықтың қорытындысы бойынша жылына екі рет 30 қаңтарға және 25 шілдеге Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпаратты ұсынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы »20 қарашадағы N 1114 қаулысымен бекітілген

# Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту жүйесін жетілдіру жөніндегі 2008-2010 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

| Р/с N | Іс-шаралар | Аяқталу нысаны | Орындауға жауаптылар | Іске асыру (орындау) мерзімі | Болжамды шығыстар (млн. теңге) | Қаржыландыру көзі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| **Жұмыспен белсенді қамту саясатының** | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **негізгі бағыттары. Халықтың жұмыспен қамтылу деңгейінің өсуін ынталандыратын шаралар** | | | | | | |
| **1. Экономика саласында жаңа жұмыс орындарын құру, кәсіпкерлікке және халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуына жәрдемдесу** | | | | | | |
| 1.1. | Жаңа жұмыс орындарын құру жөнінде мониторинг жүргізу | Еңбек-миніне ақпарат | ЭМРМ, ИСМ, БҒМ, АШМ, ККМ, МАМ, ТСМ, облыстар-дың, Астана және Алматы қалала-рының әкімдері | Тоқсан сайын | Талап етілмейді | |
| 1.2. | Ауылдық жер-лерде шағын кредит ұйымда-рының желісін кеңейту жөнін-де ұсыныстар әзірлеу | Еңбек-миніне ақпарат | ИСМ | 2009 жылғы II тоқсан | Талап етілмейді | |
| 1.3. | Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде жастарды жұмысқа орналастыру жөніндегі жобаларды іске асыру бойынша ақпарат ұсыну | Еңбек-миніне ақпарат | Облыстар-дың, Астана және Алматы қалалары-ның әкімдері | Жыл сайын IV тоқсан | Талап етілмейді | |
| **2. Жұмысқа орналасуға жәрдемдесу. Әлеуметтік** | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **қолдауға мұқтаж нысаналы топтарды (жастарды, мүгедектерді, қамау орындарынан босатылған адамдарды) жұмыспен қамтуды ұйымдастыру** | | | | | | |
| | Әлеуметтік қорғаудың қосымша шара-ларын қолдану есебінен алдыңғы жылы жұмысқа орна-ласқандардың көрсеткішінен жұмысқа орна-ласатындардың жыл сайынғы үлесін 2 %-ға ұлғайту:<br>нысаналы топтардан жұмыссыздар үшін әлеумет-тік жұмыс орындарын құру;<br>"Жастар" практикасы шеңберінде жастарды уақытша жұмыс орындарына орналастыруға жәрдем көрсету; | | Облыстар-дың, Астана және Алматы қалала-рының әкімдері<br>Облыстар-дың, Астана және Алматы қалала-рының әкімдері<br>БҒМ, ДСМ, Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақс-тан, Жамбыл, Батыс Қазақс-тан, Қараған-ды, Қостанай, | Жыл сайын<br>Жыл сайын, II және IV тоқсан<br>Жыл сайын, II және | Барлығы: 1933,4 оның ішінде: 2008 жыл - 587,6 2009 жыл - 644,6 2010 жыл - 701,2<br>Барлығы: 1142,3 оның ішінде: 2008 жыл - 352,4 2009 жыл - 381,3 2010 жыл - 408,6<br>Барлығы: 441,0 оның ішінде: 2008 жыл - 130,3 2009 жыл - 145,9 2010 жыл - 164,8 | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Павлодар облыстарының және Астана қаласының әкімдері | IV тоқсан | | Жергі- |
| 2.1. | мамандандырылған жәрмеңкелерді қоса алғанда, бос орындар жәрмеңкелерін ұйымдастыру және өткізу (жұмыссыздар мен жұмыс берушілер үшін буклеттер, жадынамалар, ұсынымдар және басқа да ақпараттық материалдар шығару); | Еңбекминіне ақпарат | Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстарының, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | Тоқсан сайын<br>Жыл сайын, II және IV тоқсан | Барлығы: 65,9 оның ішінде: 2008 жыл - 20,6 2009 жыл - 21,8 2010 жыл - 23,5 | |
| | жұмысында ұзақ үзіліс болған немесе жұмыс тәжірибесі жоқ жұмыссыздарды жұмыс іздестіру клубтарында әлеуметтік еңбекке бейімдеу; | | Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері | Тоқсан сайын | Барлығы: 31,1 оның ішінде: 2008 жыл - 10,4 2009 жыл - 10,2 2010 жыл - 10,5 | |
| | жастарды қоғамдық жұмыстар ұйымдастыру жолымен еңбек нарығында бейімдеу; | | Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қызыл- | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 20-24 жас аралығындағы жұмыссыз жастарға өзінің жеке кәсібін құру үшін материалдық көмек беру арқылы олардың өзін өзі жұмыспен қамтуына жәрдем көрсету | | орда, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарының және Астана қаласының әкімдері<br><br>Батыс Қазақстан, Қарағанды және Маңғыстау облыстарының әкімдері | Тоқсан сайын | Барлығы: 146,6 оның ішінде: 2008 жыл - 41,2 2009 жыл - 48,1 2010 жыл - 57,3<br><br>Барлығы: 106,5 оның ішінде: 2008 жыл - 32,8 2009 жыл - 37,2 2010 жыл - 36,5 | лікті бюджет |
| **2.1.1. Жастардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу** | | | | | | |
| 2.1.1.1. | Білім беру ұйымдарының түлектерін кейін жұмысқа орналастыра отырып, өндірістік практиканы дайындауға және ұйымдастыруға білім беру ұйымдарының жұмыс берушілермен шарттар жасасуын практикаға енгізу | Еңбекминіне ақпарат | БҒМ, ДСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | Желтоқсан, жыл сайын | Талап етілмейді | |
| **2.2.1. Қамау орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу** | | | | | | |
| | Жұмыспен қамту органдарының | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2.2.1.1. | қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерімен босатылуы тиіс адамдарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу мәселелері жөніндегі өзара іс-қимылын жалғастыру | Еңбекминіне ақпарат | Әділетмині, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | Жыл сайын, II және IV тоқсан | Талап етілмейді | |
| 2.2.1.2. | Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі адамдарды кәсіптік оқытуды ұйымдастыруға бағытталған шараларды жүзеге асыру, олардың арасында кәсіби консультациялық және кәсіби бағдарланған жұмыстарды жүргізу | Еңбекминіне ақпарат | Әділетмині, БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | Жыл сайын, II және IV тоқсан | Талап етілмейді | |
| **3. Еңбек нарығында тең жағдайда бәсекеге қабілетсіз халықтың нысаналы топтарын қолдауды қамтамасыз ету** | | | | | | |
| 3.1. | Жеке оңалту бағдарламалары бар мүгедектерді кәсіптік оңалтуға, кәсіптік бағдарлауға, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті кәсіптерге оқытуға, | Еңбекминіне ақпарат | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | Жыл сайын, II және IV тоқсан | Талап етілмейді | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу | | | | | |
| 3.2. | Еңбекке қабілетті жастағы оралмандар санының және олардың өңірлердің еңбек нарығында қалыптасқан ахуалды ескере отырып, кәсіптер (мамандықтар) бөлінісінде жұмысқа орналасу мониторингін жүргізу | Еңбекминіне ақпарат | Еңбекминінің Көші-қон комитеті | Тоқсан сайын | Талап етілмейді | |
| 3.3. | Нысаналы топтардан жұмыссыздардың жұмысқа аз орналасуының себебіне талдау жүргізу | Еңбекминіне ақпарат | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | Жыл сайын, II және IV тоқсан | Талап етілмейді | |
| **4. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және жетілдіру әрі уақытша жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету** | | | | | | |
| 4.1. | Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін ескере отырып, қоғамдық жұмыстарды кеңейту және қайта бағдарлау | Еңбекминіне ақпарат | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | Тоқсан сайын | Барлығы: 10843,8 оның ішінде: 2008 жыл - 3414,9 2009 жыл - 3614,2 2010 жыл - 3814,7 | Жергілікті бюджет |
| **5. Еңбек нарығындағы қажеттілікті ескере отырып жұмыссыздарды кәсіби даярлау мен қайта** | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **даярлаудың икемді жүйесін ұйымдастыру** | | | | | | |
| 5.1. | Жұмыссыздарды еңбек нарығындағы қажеттілікке сәйкес кәсіптер мен мамандықтар бойынша кәсіби оқытуды одан әрі жетілдіру жүйесін қамтамасыз ету және олардың бәсекелестік қабілетін арттыру | Еңбекминіне ақпарат | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | Тоқсан сайын | Барлығы: 2249,9 оның ішінде: 2008 жыл - 682,6 2009 жыл - 751,3 2010 жыл - 816,0 | Жергілікті бюджет |
| **6. Жұмыс күшінің сұранысы мен ұсыныстарының теңгерімділігі жөніндегі шаралар** | | | | | | |
| 6.1. | Мамандар даярлаудың бейіні мен мерзімін ескере отырып, білім беру қызметтері нарығындағы қажеттілікті, сұраныс пен ұсыныстарды болжау | Еңбекминіне ақпарат | БҒМ, ЭМРМ, АШМ, ККМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | Жыл сайын, қараша | Талап етілмейді | |
| 6.2. | Экономика секторларын дамыту перспективасын ескере отырып, орта және ұзақ мерзімді кезеңге кәсіптер (мамандықтар) бойынша жұмыс күшіне қажеттілікті болжау | Еңбекминіне ақпарат | ИСМ, БҒМ, ЭМРМ, АШМ, ККМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2009-2010 жылдар, сәуір | Талап етілмейді | |
| **7. Өңірлік жұмыспен қамту** | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **проблемаларын шешуде жергілікті атқарушы органдардың рөлін жетілдіру жөніндегі шаралар** | | | | | | |
| 7.1. | Бос орындардың, оның ішінде икемді жұмыс уақыты режимінің болуы туралы деректер банкін өзекті ету жөніндегі шараларды жүзеге асыру | Еңбекминіне ақпарат | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | Тұрақты | Талап етілмейді | |
| 7.2. | Халықпен жүргізілген жұмыс туралы ақпаратты электронды және баспа бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ұсыну; бос жұмыс орындарының болуы (вакансиялар) туралы мәліметтерге еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету; халықты жұмыспен қамту органдарының халыққа тұрғылықты жері, жұмысы, оқу орны бойынша қызмет көрсету, оның ішінде жұмыспен қамту туралы заңнама бойынша консультация беру, жұмыссыздарға, | Еңбекминіне ақпарат | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | Жыл сайын II және IV тоқсан | Талап етілмейді | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | оның ішінде нысаналы топ-тарға жұмысқа орналасуға жәрдем көрсету; бұқаралық сипаттағы ақпараттық іс-шаралар (бос орындар жәрмеңкесі, кәсіпорындар күні және басқа да) өткізу; телебағдарла-маларға, радиобағдар-ламаларға, баспасөз-кон-ференцияларына қатысу, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау | | | | | |
| **8. Уәкілетті органның жұмыс берушілермен, қоғамдық бірлестіктермен, еңбек делдалдығымен айналысатын жекеменшік жұмыспен қамту агенттіктерімен жұмыспен қамту және еңбек нарығын реттеу мәселелеріндегі қызметін біріктіру** | | | | | | |
| | Салалық және өңірлік келісімдерге кадр әлеуетін дамыту бойын-ша мынадай шараларды қамту: персоналды ішкі өндіріс- | | ЭМРМ, ИСМ, БҒМ, АШМ, | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 8.1. | тік оқыту жүйесін дамыту; жұмыстан босатылатын қызметкерлер-дің білікті-лігін арттыру және қайта даярлау; жұмыстан бо-сатылу қатері бар жастарды алдын-ала кәсіптік оқыту | Еңбек-миніне ақпарат | ККМ, ДСМ, МАМ, ТСМ, облыстар-дың, Астана және Алматы қалала-рының әкімдері | Жыл сайын IV тоқсан | Талап етілмейді | |
| 8.2. | Жұмыспен қам-ту органдары-ның жеке мен-шік жұмыспен қамту агент-тіктерімен, жұмыс беруші-лер бірлес-тіктері мен жұмысқа орна-ластыруда жәрдем көрсету саласындағы үкіметтік емес ұйымдар-мен өзара іс-қимылын жалғастыру | Келісім | Облыстар-дың, Астана және Алматы қалала-рының әкімдері | Жыл сайын, желтоқ-сан | Талап етілмейді | |
| **9 . Жұмыспен қамту және еңбек нарығы мониторингі мәселелер жөніндегі ақпараттық деректер базасын жетілдіру** | | | | | | |
| 9.1. | Жұмыспен қам-ту мәселелері жөніндегі ақпараттық жүйені жетіл-діру және ақпараттың халықпен жұмыс берушілерге | Қазақс-тан Респуб-ликасы-ның Үкіметі-не | Еңбек-мині | 2008 жылғы қыр-күйек | Талап етілмейді | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | қол жетімдігін қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар енгізу | ұсыныс-тар | | | | |

Ескертпелер:

1. Жергілікті бюджеттен барлығы - 15027,1 млн. теңге қаражат, оның ішінде: 2008 жылы - 4685,1 млн. теңге, 2009 жылы - 5010,1 млн. теңге, 2010 жылы - 5331,9 млн. теңге талап етіледі. Бұл ретте шығыс деректері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру кезінде түзетілетін болады.

2. Аббревиатуралардың толық жазылуы:

Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі;

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі;

МАМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі;

ТСМ - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі;

ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі;

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі;

АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі;

Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК